

Өрт қаупі жоғары кезеңде жеке тұлғалардың орманда болуына және оған көлік құралдарымен кіруіне, сондай-ақ мемлекеттік орман қоры аумағында жұмыстың белгілі бір түрлерін жүргізуге шектеу қою туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 30 мамырдағы № 221 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 1 маусымда № 10015 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 63-бабы 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Өрт қаупі жоғары кезеңде жеке тұлғалардың орманда болуына және оған көлік құралдарымен кіруіне, сондай-ақ Қостанай облысының мемлекеттік орман қоры аумағында құрылыс жұмыстары, пайдалы қазбалар өндіру, коммуникациялар тарту және барлық орман дақылдары жұмыстары мен орман шаруашылығын жүргізу шектелсін.

2. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) мемлекеттік орман қоры аумағында өрт қаупі жоғары кезең туралы уақытылы хабарласын;

2) мемлекеттік орман қоры аумағына негізгі кіру жолдарына күзет бекеттерін орнату бойынша қажетті шаралар қабылдасын.

3. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

К. Аксакалов